

2012 жылға арналған ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Жақсы аудандық мәслихатының 2012 жылғы 27 наурыздағы № 5С-2-6 шешімі. Ақмола облысы Жақсы ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 6 сәуірде № 1-13-151 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Жақсы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 20 ақпандағы № 5ВС-13-2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Жақсы аудандық мәслихатының 20.02.2013 № 5ВС-13-2 шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - Ақмола облысы Жақсы аудандық мәслихатының 2012.08.08 № 5С-7-2 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтың дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңның 7 бабы 3 тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы» қаулысының 2 тармағына сәйкес, Жақсы ауданы әкімінің 2012 жылғы 20 наурызында № 01-226 хатын қарастырып, Жақсы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ауданның ауылдық елді мекендерінде жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына 2012 жылға арналған келесі әлеуметтік қолдау шараларын ұсынылсын:

жетпіс есептік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы беру түрінде;

тұрғын үй сатып алу үшін, бір мың бес жүз есептік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредит.

Ескерту. 1 тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Жақсы аудандық мәслихатының 2012.08.08 № 5С-7-2 (ресми жарияланған күннен бастап

қолданысқа

енгізіледі)

шешімімен.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>сессия төрайымы</i>	<i>Жақсы аудандық</i>	<i>мәслихатының</i>
	<i>Г.Әбілдаева</i>	
	<i>Ж а қ с ы</i>	<i>а у д а н д ы қ</i>
<i>мәслихатының хатшысы</i>	<i>Б.Жанәділов</i>	
КЕЛІСІЛГЕН		
<i>Жақсы ауданының әкімі</i>	<i>И.Қабдуғалиев</i>	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК